

**Нұра жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы
қысқаша ақпараттық анықтама**

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

«Нұра жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1974 жылы ашылған.

Толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Шет ауданы білім бөлімінің «Нұра жалпы білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұра ауылдық округі, С.Мұқанов ат. көшесі 19 үй

Құрылтайшысы: Шет аудандық білім бөлімі.

Білім беру ұйымының басшысы: *Мусин Досболат Исламович*

Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: *Алибек Дианна Тусупбайқызы*

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: *Тохметова Гүлсім Төлегенқызы*

Директордың шаруашылық меңгерушісі: *Джанбырбеков Мейірбек Кемалович*

Әлеуметтік педагог: *Жексембаев Саяи Мукарамович*

Педагог-психолог: *Несекеева Анар Абкеновна*

Оқыту тілі: *Қазақ тілі.*

«Нұра жалпы білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқықтық нысаны: Мектепке дейінгі тәрбие, негізгі орта, жалпы орта білім берумен айналысады.

Мектеп ғимаратының қолданысқа берілген жылы: 1974ж.

2

Жоба қуаттылығы – 350 орындық

Оқушылар туралы мәлімет: жалпы мектепте 2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып бойынша - 130 білім алушы, мектепалды даярлық сыныбында-11 тәрбиеленуші, шағын орталықта 25 бала тәрбиеленеді. Барлығы қазақ.

Сынып комплектісі - 11.

Бастауыш 1-4 сыныптар-4; орта буын 5-11 сыныптар-7;

мектепке дейінгі тәрбие бойынша: мектепалды даярлық сынып-1; шағын орталық тобы-2;

Білім беру мекемесінде төмендегідей нормативтік құқықтық сипаттағы құжаттары жинақталған :

Оқу кабинеттері –14.

Мектептің жұмыс ережесі: жұмыс реті – бескүндік. Сабақ ұзақтығы – 45 минут. Мектепалды даярлық тобының сабағының ұзақтығы 25-30 минут.

Бастауыш сыныптарда сабақ 4-5 сабақтан, 5-11 сыныптарда 5-7 сабақтан.

Бірінші бөлім. Нұра жалпы білім беретін мектебінің
2021-2022 оқу жылындағы оқу – тәрбие үрдісінің
саралап талдауы
(жылдық жоспар негізінде)

Нұра жалпы білім беретін мектебінің білім беру желісі бойынша 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ерекшеліктер болды. Оның ішінде:

- Білім алушылардың оқу жүктемесін азайту.
- 1-сыныптарға «Әліппе», «Ана тілі», «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу.-
- Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру;
- Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарту;
- Міндетті формативті бағалау;
- 5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсы немесе басқа курстарды енгізу;
- Мектептердің таңдауы бойынша «Музыка» оқу бағдарламасының шеңберінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6-сыныпта домбыра тартуды үйрету.
- Оқытудың әртүрлі форматтарына (дәстүрлі, аралас, қашықтан) мектептердің дайындығын қамтамасыз ету.
- «Оқуға құштар мектеп», «Дебат», «Өзін-өзі басқару күні», жобаларын іске асыру.
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы).
- Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру.
- Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу.
- Білім алушылардың дене дамуының мониторингі.
- Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу.
- Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.

Жаңа оқу жылында: 1-11-сыныптарда білім беру процесі Жалпы білім беретін «Нұра жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің - «Білім туралы» Заңына (2007 ж) сәйкес жүргізді және нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін

пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық);

– «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы; –«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

– «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;

– «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы; – «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;

– «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;

– «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);

– «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);

– «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы;

- 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік-нұсқаулық хаты, **негізге алып оқытылды.**

Мектептің негізгі проблемасы:

Оқу- тәрбие үрдісінде ең үздік білім ресурстары мен технологияларды қолдану арқылы оқу сапасын арттыру, оқушылардың білік дағдыларын қалыптастыру, қоғам талабына сай шығармашылық қабілеті бар жеке тұлға қалыптастыру.

Мектептің мақсаты:

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық- инновациялық технологияларын жаңартылған білім беру мазмұнын қолдана отырып білім сапасын көтеру, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, рухани-адамгершілігі мол тұлға тәрбиелеу.

Мектептің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Білім стандартын барлық оқушылардың меңгеруін қамтамасыз ету, білім беру мазмұны нәтижеге бағдарланған құзіретті білімге бейімдеу;
- Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру.
- Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау арқылы, сабақ берудің іс-әрекетінде үш тілділікті тиімді қолдану;
- Ақпараттық- коммуникативтік технологияларды меңгерген, робот техникасымен жұмыс істей алатын білім алушыларды жарыстарға қатыстыру, замануи бағытта материалдық – техникалық базаны нығайта отырып, озық ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігін сабақ өту процесінде қолдану;
- 5-сыныптан 11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсы немесе басқа курстарды енгізу;
- Оқу-тәрбие процесінде критериалды бағалау жүйесін жетілдіру;
- Білім сапасын 70% -ке жеткізу;
- 2022 жылы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында Жазғы мектеп білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыруды ұйымдастыру;
- Мұғалімдер педагогикалық шеберліктерін артыру мақсатында онлайн режимінде сабақтар өткізу;
- Ұжымда шығармашылық ахуал тудырып, мұғалімдерді ғылыми – зерттеу іс-әрекетіне баулу, авторлық бағдарлама мен оқу – әдістемелік құралдар жасап қорғау;
- Интеллектуалды кабинетте білім алушыларға шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындарын үйрету арқылы, жарыстарға қатыстыру;
- Жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп басымдықтарды белгілеу, дарынды оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттау;
- Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық іс –шараларға қатысып, жүлде алған мектеп оқушыларының жеңістерін кеңінен насихаттау, спорттық жетістіктері ілінетін стендті үнемі жаңартылып отыру;

- Деңгейлік курстан өткен педагогтардың іс-тәжірибесін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу, мұғалімдерден құрылған шығармашылық топтың жұмысын жандандыру арқылы;
- Мұғалімдер интернет жүйесінен «Онлайн» режимінде кестеге сәйкес сабақтарын беру, сабақтарға үнемі қатысып, өзара пікір алмасу, іс-тәжірибелерінде қолдану;
- Қомқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру;
- Өзін –өзі басқару ұйымының жұмысын күшейту, ұйым мүшелерін мектеп тынысына жүйелі түрде тарту;
- Ата-аналар комитетін, оқушылар комитетін имандылық, ұлтжандылық, құқықтық, экономикалық тәрбие беру мақсатында жұмыстарды күшейту. Ата-аналармен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі жөнінде ашық пікір жүргізе отырып, қарым-қатынасты нығайту, мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.

II. Мектептің іс-шараларын ұйымдастыру жұмыстары:

Оқу жылының ұзақтығы: 1-11 сыныптарда 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін.

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізілді.

Мектептің жұмыс режимі жасалынды.

Мектеп бір ауысымда жұмыс істеді.

Сабақтың ұзақтығы: бірінші сабақ сағат 08:30 басталып, соңғы сабақсағат 14:35 аяқталып отырды.

Барлығы,1-11 сынып және мектепалды сыныбы: орта сынып – 2; негізгі сыныптар - 5, бастауыш сыныптар- 4, мектепалды сыныбы-1. Әр сыныпқа сынып жетекшілер бекітілді.

III. Педагог кадр туралы жалпы мәлімет

Мақсаты: педагог мамандығының статусын көтеру арқылы,ең үздік білім ресурстары мен технологияларды қолдану арқылы оқу сапасын арттыру.

Міндеттері:

- мектептегі педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жандандыру;
- педагогтардың пән бойынша құзыреттіліні арттыру;
- педагогтардың сапалық құрамын көтеру;

Педагогикалық кадрлардың сапалық және сандық құрамын қалыптастыру штаттық кестеге, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен жұмысқа қабылдау туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Бүгінгі таңда мемлекеттің оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етуіне сәйкес, мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер шығармашылық жұмыстың жоғарғы сапасын сұрайды. Осыған орай бүгінгі ұстаздың алдында оқушыға білім, білік дағдыларын игертіп қана қоймай, олардың қабылдауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін дамыту міндеттері тұр. 2021-2022 оқу жылында 29 мұғалім, кітапханашы-1, мектеп алды даярлық тәрбиешісі -1 , шағын орталық тәрбиешісі-1, психолог-1,

элеуметтік педагог -1, тәлімгер-1 шәкірттерге білім мен тәрбие беруде. 29 педагогтің оның ішінде жоғары педагог-сарапшы 7, екінші санатты -2, педагог-модератор 6 мұғалім бар.

Педагог мамандары аттестаттау.

2021-2022 оқу жылында аттестаттау комиссиясының төрағасы Мусин Д.И. педагог қызметкерлерге "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныстырды. 2021-2022 оқу жылында аттестаттаудан комиссиясын құру туралы 2021 ж. № 87 бұйрығы және кезекті аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілді.

. Бекітілген кесте бойынша мұғалімдер ашық сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарын берді.

Аттестаттау 2 кезеңіде жүргізілді:

Оқу жылдары	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Жұмысқа орналасқан жас мамандар	0	1	1

Шығармашылық топтың жұмысы

Шығармашылық топ құрамы	I деңгей	II деңгей	III деңгей
9 айлық басшылар курсынан өткен	2		
Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер	4		2

№	Өткізілген іс -шара	түрі
1	«Рефлексия-мұғалімнің кәсіби дамуының негізі	коучинг
2	«Ғылымға құштар жас өрен» ОҒҚ конференциясы	кәсіби әңгіме
3	«Ашық есік» күндері	ашық сабақтар
4	Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі	мастер класс
5	«Үздік әдістемелік бірлестік» байқауы	сайыс
6	«Жыл мұғалімі -2022»	Мұғалімдер арасындағы байқау

Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамына

SWOT-талдау

S Күшті жақтары	W Әлсіз жақтары
1. Педагогикалық кадрлардың біліктілік деңгейінің жоғары болуы. 2. Ұжымдағы ауыз біршілік және жұмыс істеу қабілетінің жоғары болуы. 3. Педагог жас мамандар санының өсуі.	1. Кейбір педагогтердің біліктілік санатын көтеруде ынтасының төмен болуы. 2. Аттестаттаудың бірінші кезеңінен (тесттан) өте алмауы.
ОМүмкіндіктер	T Қауіптер
1. «Жаңа форматтағы» біліктілік санаты бар педагогтер санының артуы	1. Жас мамандар санының артуына карамастан, педагогикалық ұжымның қартаюы жалғасуда. 2. Магистратурада білім алатын педагогтер жоқ.

Сынып журналдары бойынша: көптеген мұғалімдер қатаң есептегі құжаттарға ұқыпты қарап толтырды, білім мазмұнының минимумы сақталды, жазбаша, практикалық жұмыстар күнтізбелік-тақырыпта жоспарға сәйкес орындалды, бағалар қоры жеткілікті. Бірақ оқу жылы ішінде тоқсандық және қорытынды бағалардың нақтылығы жөнінде ескертулер жасалды, кейбір мұғалімдер журналда БЖБ, ТЖБ бағалауларын түзетулерге жол берген. Қорытынды нәтижесінде баға түзетіп, жойғаны үшін мұғалімдерге жазбаша түрде ескерту, сөгіз, қатаң сөгіз берілді. Мұғалімдер бұйрықпен танысып, қол қойды.

Оқушылардың жеке іс-құжаттарының жүргізілу барысы үнемі мектеп директорының бақылауында болды. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты пен регламент негізінде шағын орталық тобының, мектеп алды даярлық тобының, 1-11 сынып білім алушылардың берілген тізім бойынша бас құжаттары толық жинақталған.

Мектептің негізгі проблемасы:

Оқу- тәрбие үрдісінде білім ресурстары мен технологияларды қолдану арқылы оқу сапасын көтеру, педагогтардың сапалық құрамын арттыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін күшейту, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру.

Екінші бөлім. Мектептің 2022-2023 оқу жылындағы мақсат-міндеттер

Мектептің мақсаты:

Оқу- тәрбие үрдісінде ұлттық құндылық дағдыларын сіңіре отырып, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, функционалды сауаттылық дағдылары бар, білімді тұлға тәрбиелеу.

Мектептің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Білім стандартын барлық оқушылардың меңгеруін қамтамасыз ету, білім беру мазмұны нәтижеге бағдарланған күзінетті білімге бейімдеу;
- Білім алушылардың білім сапасын 62%-ден 65% көтеру;
- Біліктілікті үйлесімді қолдану арқылы педагогтар арасында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және өткізу (консультациялар, сабақтарды талдау, дәрістер, мастер-кластар, семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, педагогикалық шеберлік мектептері, кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу);
- Деңгейлік курстан өткен педагогтардың іс- тәжірибесін оқу- тәрбие процесіне енгізу, тарату;
- Білім алушыларды олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, дебаттарға дайындап қатыстыру;
- Ақылы спорттық үйірмелерді (футбол, баскетбол, волейбол, теннис) жүргізіп, жүлдегерлерді дайындап шығару;
- Ұлттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына жағдай жасай отырып, басқарудың алқалық формасын дамыту;
- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, «Көненің көзі- мұражай» жобасының 3 кезеңін аяқтау;
- Қоғамдастық және кәсіби серіктестік құру;
- Қомқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру;
- Өзін –өзі басқару ұйымының жұмысын күшейту, ұйым мүшелерін мектеп тынысына жүйелі түрде тарту;
- Ата-аналар комитетін, оқушылар комитетін имандылық, ұлтжандылық, құқықтық, экономикалық тәрбие беру мақсатында жұмыстарды күшейту.

2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыста болатын МЖМБС, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары келесі кестеде берілген

Білім беру деңгейлері	МЖМБС	Типтік оқу жоспарлары	Типтік оқу бағдарламалары
Мектепалды дайындық	ҚР МЖМБС (№348 03.08.2022ж)	12.12.2012 №557	12.08.2016 №499
1-4-сыныптар	ҚР МЖМБС (№348 03.08.2022ж)	08.11.2012 №500 (Оқу – ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығына)	03.04.2013 №115 (№ 366 16.09.2022)
5-9-сыныптар	ҚР МЖМБС (№348 03.08.2022ж)	8.11.2012 №500 (Оқу – ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығына)	03.04.2013 №115 (№ 366 16.09.2022)
10-11-сыныптар	ҚР МЖМБС (№348 03.08.2022ж)	8.11.2012 №500 (Оқу – ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығына)	03.04.2013 №115 (№ 366 16.09.2022)

Үшінші бөлім. Мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудағы педагогикалық ұжымның іс-әкереті

1. Оқу жылының ұзақтығы:

1-11 сыныптарда 1 қыркүйектен 21 мамырға дейін.

Емтихан уақыты: ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекіткен мерзімінде.

2. Оқу жылы барысындағы каникулдар:

2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген:

- 1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда: күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 6 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан мен 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі -9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда);

1-сыныпта: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда).

3. Мектептің жұмыс режимі: мектеп бір ауысымда жұмыс істейді.

Мектепте барлығы 11 сынып комплектісі бар: 1 мектепалды даярлық сынып, 2 шағын орталық тобы,

1-4 сынып саны: 4

5-9 сынып саны: 5

10-11 сынып: 2

4. Сабақтың ұзақтығы:

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

1,4,5-11 сыныптар бірінші ауысымда оқиды, бірінші сабақ сағат 08:30 –дан басталып, соңғы сабақ сағат 14:35-те аяқталады.

даярлық,2,3- сыныптар екінші ауысымда оқиды бірінші сабақ сағат 14.15 –тен басталып, соңғы сабақ сағат 18.40-та аяқталады

1 сыныпта оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі

5. Кітапхананың жұмыс уақыты:

Сағат 10:00- 12:00

Түскі үзіліс:

сағ. 15:00-17:00.

Мектеп әкімшілігінің кезекшілігі:

№	Аты-жөні	лауазымы	мерзімі
1	Алибек Д.Т. Жанбырбаева Н.К.	оқу ісінің орынбасары кәсіподақ ұйымының төрайымы	дүйсенбі
2	Мусин Д.И. Тохметова Г.Т.	директор тәрбие ісінің орынбасары	сейсенбі
3	Ислам Ш.Ш. Даримбаева Н.А.	ақпараттық жүйе әкімшісі тәлімгер	сәрсенбі
4	Жексембаев С.М. Несекеева А.А	әлеуметтік педагог психолог	бейсенбі
5	Сарсенов Ш.А Баданова Ж.А.	АӘД жетекшісі Кәсіптік бағдарлаушы, шағын орталық психологы	жұма

Кезекшілік уақыты:таңертең сағат түстен кейін 14:00-19.00-ге дейін

Сынып контингенті:

р/с	сыныптар	Бала саны	Түрі
1	1-сынып	10	Бастауыш саты
2	2-сынып	13	Бастауыш саты
3	3-сынып	11	Бастауыш саты
4	4-сынып	13	Бастауыш саты
	1-4 сыныптар	47	
5	5-сынып	14	Негізгі саты
6	6-сынып	20	Негізгі саты
7	7-сынып	8	Негізгі саты
8	8-сынып	13	Негізгі саты
9	9-сынып	8	Негізгі саты
	5-9 сынып	63	
10	10 сынып	11	Орта саты
11	11 сынып	9	Орта саты
	10-11 сыныптар	20	
	Барлығы	130	
	Мектепалды даярлық сыныбы	10	

1-11 сыныптарға сынып жетекшілердің бекітілуі

№	Сыныптар	Сынып жетекшілердің аты-жөні
1	1 сынып	Даримбаева Нургуль Амангельдиевна
2	2 сынып	Аманбекова Айгерим Даулетбековна
3	3 сынып	Окапова Жанар Токенқызы
4	4 сынып	Мусина Гулнара Исламқызы
5	5 сынып	Шамитова Жазира Каниятовна
6	6 сынып	Жанбырбаева Нургул Кенесовна
7	7 сынып	Комуна Шынар Саттарқызы
8	8 сынып	Мадыканова Несипжан Шопбаевна
9	9 сынып	Болтикова Асел Шаймуратовна
10	10 сынып	Ибадинова Жанагул Омиртаевна
11	11 сынып	Алибекова Нургул Бейсенбаевна

Мектептегі аптаның бөліну циклограммасы

Апта	1 апта	2 апта	3 апта	4-апта
Дүйсенбі	Мектепшілік жалпы сап түзеу			
	Мектеп әкімшілігінің отырысы			
	Педагогикалық кеңес (жылына 5 рет)	Сараптау комиссияның отырысы		
	Сынып сағаттары			
Сейсенбі	Кітапханашы мен жұмыс	Қыздар кеңесі (әр тоқсанда 1 рет)	Ұлдар кеңесі (әр тоқсанда 1 рет)	Ғылыми- қоғам ұйымының отырысы
Сәрсенбі	Облыстық білім басқармасының жиналысы	Әдістемелік кеңес (әр тоқсанда 1 рет)	Ата-аналар комитетінің отырысы (әр тоқсанда 1 рет)	Әдістемелік бірлестіктер отырысы (ай сайын)
Бейсенбі	Сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы	Кәсіподақ комитетінің отырысы (ай сайын)	Жас мамандар кеңесінің отырысы (әр тоқсанда 1 рет)	Ата-аналар жиналысы (әр тоқсанда 1 рет)
	Таза бейсенбі			
Жұма	Кәсіподақ жиналысы (жылына 2 рет)	Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы		Директор жанындағы кеңес

Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім стандартын орындау

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты адамдар
1	2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348бұйрығына сәйкес нормативтік құқықтық құжаттарды (оқу жоспары, оқу бағдарламалары) педагогикалық кеңес пен әдістемелік кеңесте оқылып, талдау	22.08-30.08	Мектеп әкімшілігі
2	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар орындау	жыл бойы	Пед.ұжым
3	Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақтау	үнемі	Мектеп әкімшілігі
4	Оқу мерзіміне қойылатын талаптарды орындау(МЖМББС № 348 бұйрығы)	үнемі	Пед.ұжым
5	Барлық пәндер мен жеке пәндер бойынша оқу бағдарламасының толық орындалуын қамтамасыз ету	01.09-25.05	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары
6	Білім алушылардың білімдері білім стандартына сай болуын; сарамандық-	Кестеге	Мектеп директорының

	зертханалық және БЖБ, ТЖБ нормасының толық орындалуын жүзеге асыру	сәйкес	оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары
7	Педагогикалық технологияны пайдалануды іске асыру. Педагогтердың шығармашылығын қалыптастыруда әдістемелік оқулар ұйымдастыру	Тоқсанына 1 рет	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
8	Дарынды, ерекше қабілеті бар білім алушылардың, үлгерімі төмен білім алушылармен арнайы жоспарлы жұмыстар ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп директорының оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары
9	Оқытудың сапасына мектепшілік бақылауды күшейту, әр мұғалімнің жұмысына диагностикалық талдаулар жасау	Ай сайын	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары
10	Пән бірлестіктерінің жұмысын мектеп проблемасына сәйкес үйлестіріп құру жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
11	Білім стандарты талаптарына сәйкес оқушылар білімін тексеріп, талдау жасап, олқылықтарды түзету шараларын жүргізу	Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері
12	Оқу кабинеттерінің паспортын жаңарту, бекітіру. Кабинеттегі материалдық техникалық база мен оқу-құралдары, дидактикалық материалдардың картотекасын жасау	03.09	Кабинет меңгерушілері
13	Кабинеттерді оқыту технологияларының талаптарына сай жабдықталуын ұйымдастыру	03.10	Кабинет меңгерушілері

Бірінші бағыт. БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Негізгі бағыттары:

1. Мектептің мөлтек ауданында тұратын 6-17 жасқа дейінгі балаларды 100% оқумен қамту;
2. Мемлекеттік білім стандартын оқушылардың 100% меңгеруге қол жеткізу;
3. Білім алушылардың контингентін қалыптастыру. Білім алушылардың қозғалысын қатаң бақылау;
4. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы нашар, көп балалы және сәтсіз отбасы балалармен жұмыс ұйымдастыру;
5. Қиын оқушылармен жұмыс жүргізу;
6. Білім алушылармен тегін тамақтануын ұйымдастыру;
7. Балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз ету;
8. Білім алушыларды Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру бойынша сыныптан тыс факультатив сабақтарын жүргізу;
9. Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын білім алушылармен жұмыс;

№	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауапты
Тамыз			
1	Мектеп түлектердің еңбекке орналасуы туралы сынып жетекшілерінен мәлімет алу, орналаспағандарына жұмыс көзін іздестіріп, көмек көрсету.	15.08-05.09	Мектеп директорының орынбасары, сынып жетекшісі
2	Әлеуметтік жағынан аз қамтылған , жетім, жартылай жетім, көп балалы, жағдайсыз отбасыларды анықтау, тізімін алу.	15.08-15.09	Сынып жетекшілері бөлінген жауапты адам
3	2022-2023 оқу жылының басында білім алушыларды оқулықпен толық қамтамасыз ету	12.08-02.09	Кітапханашы, сынып жетекшілері
4	1 сынып білім алушыларды «Білімал. Электронды мектеп» сайты арқылы ата-аналардың өтініштерін алып, сыныпты жинақтау	01.04-30.07.	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері
5	1-11 сынып жинақтарының санның алдын ала болжау. 1 сынып және 10 сынып білім алушыларын, мектепалды даярлық сыныпты қабылдау.	01.04-29.08.	Мектеп директоры. Мектептің іс-қағаз жүргізушісі
6	Бұйрық кітабын (білім алушылардың тізімі туралы) ашу. Алфавиттік кітап толтыру.	30.07-05.09	Мектептің іс-қағаз жүргізушісі
7	Денсаулығына, ақыл-ой дамуында кемістігі бар балаларды анықтап, олардың оқудың сырт қалмауын ұйымдастыру, үйден оқыту, арнайы мектептерге орналастыру.	Тамыз, Қыркүйек	Сынып жетекшілері, мектеп директоры, психолог, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
8	Мектепалды даярлық сыныбына баратын балаларды тізімін жасау.	01.08-30.08.	Мектепалды даярлық сыныптың тәрбиешісі
9	Мектепте «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырып өткізу. Оқу қорынан, бюджеттен тыс мекемелерден, кәсіпкерлерден әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар, күнкөрісі төмен отбасылардан, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға және жетім балаларға көмек көрсету.	01.08-30.09	Ауыл, мектеп әкімшілігі, демеуші кәсіпкерлер
Қыркүйек			
1	1-4 сынып және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан білім алушыларды бір мезеттік ыстық тамақты ұйымдастыру, кестесін жасау.	02.09-09.09	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог
2	Мектепте санитариялық- эпидемияға қарсы санитарлық – профилактикалық іс – шаралар өткізу жұмыстарын жүргізу.	Үнемі	Мед. бике, кезекші мұғалім.
3	2022-2023 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жоспарын жасау.	05.09.- 09.09.	Пән мұғалімдері.
4	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу	05.09-10.09.	Негізгі пәннен беретін

	бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу		мұғалімдер
5	1 сынып білім алушылардың ата-аналарымен сауалнама жүргізу.	10.09.	Психолог, 1 сыныптың жетекшісі
6	1-11 сынып білім алушыларына үй тапсырмасының мөлшерін түсіндіру.	Ай ішінде	Сынып жетекшілер
7	«Тәрбиесі қиын» білім алушыларды анықтау, олардың өздерімен, ата-анасымен байланыс орнатып, жұмыс жүргізу, күнделікті сабаққа келуін қатаң бақылауға алу.	02.09-05.09	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, педагог-психолог
Қазан			
1	Білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылау. Есебін беру.	Ай бойы	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.
2	Оқу кабинеттерін, сынып бөлмелерінің, пән кабинеттерінің, білім алушылардың жеке басының санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын бақылау	үнемі	Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері
3	Мемлекеттік емтихан және ҰБТ тапсыру мақсатын 11 сынып білім алушылардан сынама тест туралы, түсінік беру (қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы, 2 бейіндік пән)	10.10.	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері.
4	Үлгерімі төмен оқушыларды анықтап, қосымша сабақтар кестесін жасап, оның өтуін қадағалау.	03.10-14.10	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
5	«Тәрбиесі қиын», үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарымен жекелеме пікір алмасуды ұйымдастыру, сауалнама жүргізу.	03.10-13.10	Мектеп директоры. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Сынып жетекшілер, психолог
6	Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын қалай өткізетіндіктерін бақылау жасау және соған орай шара белгілеу.	24.10-28.10	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
Қараша			
1	Сабақ үлгерімі төмен білім алушылардың сабаққа қатысуына мониторинг жасау	Үнемі	Сынып жетекшілер
2	Мектепте «Ашық есік» күнін ұйымдастыру	24.11	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
3	9,10,11, сыныптарда кәсіптік бағдар беру туралы атқарылған жұмыстарды күшейту	25-29.11	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, элеументтік педагог
4	Білім алушылардың оқулықтарының сақталуын тексеру	Ай ішінде	Кітапханашы
5	1-11 сынып білім алушылардың күнделікті сабаққа қатысуын тексеруі	Ай ішінде	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы

			жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
6	Ағаш өңдеу, темір өңдеу, тігін өңдеу технология кабинеттеріндегі техника қауіпсіздігінің сақталу жағдайы тексеру	14.11-18.11	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Желтоқсан			
1	Білім алушылардың тәртіп бұзушылығын, үлгермеушілігі мен сабақ қалдыруын болдырмауын алдын алу жұмысы. Мақсаты: сынып жетекшісінің тәрбиесі қиын балалармен жұмысына бақылау жасау, берілген тапсырманың орындалуын күнделікті бақылау, ата-аналармен жұмыстарын тексеру.	05.12-09.12	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	Білім алушылардың тұрмыс жағдайын зерттеу, оларға көрсетілген материалдық көмекке бақылау жасау.	01.12-09.12	Сынып жетекшілер
3	Ата-аналарға арналған психологиялық, педагогикалық консультациялар өткізу.	Ай іші	Педагог-психолог
4	Мектеп асханасының жұмысын тексеру.	Ай бойы	Бракераж комиссиясы
5	Білім алушылардың күнделікті сабаққа қатысуын тексеру.	Ай бойы	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
6	5-11 сынып жетекшілерінің сыныппен жүргізілген жұмысының есебі	Ай ішінде	Сынып жетекшілер
Қаңтар.			
1	Мектепте санитарлық гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау	Ай ішінде	медбике
2	Тақырыптық тексеру. Мұғалімдердің сабақтарына кіру	Ай бойы	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
3	Жаңадан келген және жас мамандармен жүргізілген жұмысы нәтижесі	Ай ішінде	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Сынып жетекшілерінің сабақты көп босататын оқушылармен жүргізілетін жұмысын қарау	Ай ішінде	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Ақпан			
1	Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастырудағы сынып жетекшілері мен пән мұғалімінің өзара байланысын зерттеу	3-апта	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
2	Ата-аналарға «Ашық есік» күнін ұйымдастыру	21.02	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
3	1-4 сынып және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды бір мезеттік ыстық тамақтың берілуін тексеру	Ай бойы	Медбике, әлеуметтік педагог. Бракераж комиссиясы
4	Білім алушылардың күнделікті сабаққа қатысуын тексеру	Ай бойы	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

5	9,11 сынып білім алушылардың «ҚР Конституциясының баптары» тақырыбында әңгіме өткізу.	Ай ішінде	Пән мұғалімі. Сынып жетекшілер
6	7-8 сынып жетекшілерінің сыныппен жұмыс есебі.	Ай ішінде	Сынып жетекшілер
Наурыз			
1	5-11 сынып жетекшілерінің информациялық картамен жұмыс жүргізулерінің барысын тексеру.	06.03-10.03	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
2	9, 11-сынып оқушылармен сынып сағаттарын өткізіп «ҚР білім беру ұйымдарының білім алушылардың көшіру, қорытынды, мемлекеттік аттестаттау және бітіру туралы» нұсқаулығымен таныстыру (9,11 сынып білім алушылардың үшін қорытынды аттестаттау жазбаша түрде, жаңа форматта өткізіледі)	06.03-13.03	Әкімшілік, пән мұғалімдер, сынып жетекшілер
3	Білім алушылардың сабаққа қатысуына талдау жасау	01.03-10.03	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Оқушылар қызығатын құндылықтар құрылымын анықтау (Зерттеу жұмысы)	06.03.-10.03	Сынып жетекшілер
5	2-4 сыныптың білім алушыларынан бақылау жұмыстарын, тестілер, жазба жұмыстарын және оқу техникасын алу. Мақсаты: Білім алушылардың білімінің деңгейін тексеру	06.03-16.03	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
6	Ыстық тамақтың берілуін тексеру.	Ай ішінде	Әлеуметтік педагог. Бракераж комиссиясы
Сәуір			
1	1-сыныптарды комплектілеуге әзірлік	03.04-28.08	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
2	9, 11-сынып білім алушылармен қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру	03.04-30.04	Пән мұғалімдері
3	8,9,10,11 сынып оқушылармен мамандық таңдау жиындарын өткізу. ЖОО, Тжәне КТ оқу орындарымен байланыс жасап, кездесулер ұйымдастыру	12.04-23.04	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары әлеуметтік педагог
4	Білім алушылардың оқулықтарының жағдайын тексеру	Ай ішінде	Кітапханашы
5	Білім алушылардың үйірмелерге, секцияларға қатысуын және олардың дамуына шығармашылық әсері туралы есеп	Ай ішінде	Пән мұғалімдері.
Мамыр			
1	1,4, 5-9,10 сынып оқушыларымен жазғы сауықтыру жұмысы туралы жиындар	01.05-12.05	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы

	өткізу		жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
2	Білім алушылардың мертігуін болдырмаудың алдын алу жұмыстарын жасау	01.05-12.05	Мед. бике, сынып жетекшілер
3	Ата-аналар жиналысы: «Жазғы каникул, ата-ана және оқушы, еңбекке тәрбиелеу басты мақсат»	10.05-21.05	Мектеп директоры, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	Оқулық күтімінің диагностикасы, оқулықтарды жақсарту, айырбастау, сатып алу жағдайы туралы кітапхана жұмысы жайлы есеп.	17.05-20.05	Кітапханашы
5	4 сынып оқушыларының педагогикалық, психологиялық жеке карталарын жасау	03.05-10.05	Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог
6	ҚР Білім беру ұйымдарының білім алушыларын көшіру, қорытынды аттестациялау және бітіру туралы куәлікпен таныстыру мақсатында ата-аналар жиналысын өткізу	Ай ішінде	Мектеп директоры, оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
7	Жылдық ТЖБ жұмыстарын тексеріп өткізу	10.05.-29.05	Әкімшілік.
Маусым			
1	Жазғы демалыстың барысын бақылау	01.06-11.06	Мектеп директор, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.
2	«Жазғы мектеп» ұйымдастыру	01.06-16.06	Пән мұғалімдері
3	Көктемгі жөндеу жұмыстарының жағдайына талдау	15.06-25.06	Мектеп директор.
4	9,11 сынып оқушыларымен мемлекеттік емтихандарды тапсыру жұмыстарын жүргізу	01.06-15.06	Әкімшілік. Пән мұғалімдері
5	Емтихандар қорытындысы	16.06.	Педагогикалық кеңес
6	Мектептегі оқулықтардың жағдайы. 2-11 сынып білім алушыларына жаңа оқу жылына оқулықтар тарату	Ай ішінде	Кітапханашы
7	Білім алушылардың жазғы демалыс лагеріне жіберу жұмыстары.	Ай іші	МДТЖЖО орынбасары.

Екінші бағыт. ПЕДАГОГ МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

Педагог мамандармен жұмыс бағытының негізгі мақсаты –біліктілікті үлесімді қолдану арқылы педагогтің кәсіби шеберлігін арттыру.

Негізгі бағыттары:

- Педагогтардың біліктілігін көтеру, олардың өз бетінше білімін жетілдіру;
- Педагог мамандарды аттестаттау;
- Мектептің педагогикалық кеңесі;
- Директор жанындағы кеңес;
- Әдістемелік кеңес;

2022-2023 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін педагогтердің тізімі.

№	Педагогтің аты-жөні	мамандығы	пәні бойынша өтетін курсы
1	Базылбаев Б.Р.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Дене шынықтыру
2	Даримбаева Н.А.	Бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш
3	Аширбекова Г.М.	Бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш
4	Ислам Ш.Ш.	Информатика пәнінің мұғалімі	информтика

2022-2023 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі.

№	Педагогтің аты-жөні	мамандығы	пәні бойынша өтетін курсы
1	Тусупбекова Н,А,	Математика пәнінің мұғалімі	математика
2	Сарсенов Шеризат	АӘД пәнінің мұғалімі	АӘД
3	Алибекова Н.Б.	Музыка пәнінің мұғалімі	музыка
4	Сейтжанова А.О.	Мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі	Мектепалды даярлық
5	Даримбаева Н.А,	Бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш
6	Мусина Г.И.	Бастауыш сынып мұғалімі	бастауыш
7			
8			
9			

**Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауды
ұйымдастыру жоспары**

№	Атқарылатын іс-шаралар	мерзімі	Жауапты адам	Күтілетін нәтиже
1	Өтілетін мұғалімдердің тізімін бекіту	24.05	Мусин Д.И.	Өтілетін мұғалімдердің тізімі бекіту
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы) таныстыру	қыркүйек	Мусин Д.И.	Біліктілік санатын арттырудан өткізу
3	Аттестаттаудан өтілетін мұғалімдердің құжаттарын түгелдеу	қыркүйек	Алибек Д.Т. оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Аттестатталушы оқытушылар
4	«Аттестаттау құжаттары» тақырыбында бұрыш жабдықтау	қыркүйек-қазан	Алибек Д.Т.	материалдарын жүйелеу, аттестаттау ережесі, өтініш
5	Біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестатталушы адамдарды кезекті аттестаттау кезеңдерінен өткізу: 1. ұлттық біліктілік тестілеуі; 2. эссе; 3. біліктілік бағалау; 4. қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау.	Қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан)	Аудандық, облыстық аттестаттау комиссиясы	Біліктілік санатын арттырудан өткізу
6	Педагогтерді «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен таныстыру, біліктілік бағалауды жүргізу және құжаттарды 7 қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін стандартында белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарау	қараша сәуір	Мусин Д.И..	Қажетті құжаттар болмаған жағдайда педагог жетіспейтін құжаттарды 3 жұмыс күні ішінде әкеледі
7	Аттестатталушы педагогтердің өз іс-тәжірибесін көрсетуі, ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар өткізуі	қыркүйек-наурыз	Аттестатталушы педагогтер	Сарапшылар тұжырымдамасына арналған материалдар
8	Педагогтердың біліктілік санат берудың (растаудың)	қыркүйек	Алибек Д.Т. оқу жұмысы	перспективалық жоспармен

	перспективалық жоспарын жасау		жөніндегі орынбасары	таныстыру
9	Мектепте біліктілік санатын беру үшін педагогтердің тізімдік құрамын аудандық білім бөліміне ұсыну	қыркүйек	Алибек Д.Т. оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	аудандық білім бөліміне тізімді тапсыру
10	Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан екі жыл өткен соң жол беріледі	қыркүйек	Аттестатталанушы педагогтер	Құжаттарды аттестаттау ережесіне сүйене отырып әзірлеу
11	Арнайы кесте бойынша педагогикалық кеңесте, әкімшілік кеңесте, кәсіподақ жиналысында әр педагогтың шығармашылық есебін тыңдау	жоспарға сәйкес	Аттестатталанушы педагог	Шығармашылық есеп беру
12	Аттестатталушы оқытушылардың портфолиясын және қажетті құжаттарын аттестаттау ережесіне сәйкес рәсімдеуге әдістемелік көмек беру	Қазан наурыз	Төрағаның орынбасары	Құжаттарды аттестаттау ережесіне сүйене отырып әзірлеу
13	Аттестаттаушы педагогтардың қорқынышын басу үшін жеке кеңестер беру	Тоқсанында бір рет	Психолог	Аттестаттау үрдісін психологиялық тұрғыдан сүйемелдеу
14	Педагогтер қызметін зерделеу, аттестаттаудан өтуге қажетті құжаттарды рәсімдеу	Қарашанурыз	сарапшы топ	сарапшы топтың шешімі
15	Педагогтермен аттестаттаудан өту бойынша семинарлар өткізу	қараша наурыз	Мусин Д.И. Алибек Д.Т.	Аттестаттаудан өтуге ықпал жасау

1. Мектептің оқу-тәрбие жұмысында педагогикалық кеңестің жоспары.

№	Тақырыбы	түрі	Жауапты адам	атқаратын қызметі
I ТАМЫЗ				
1	2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары мен білім беру мазмұнына талдау. Жаңа 2022-2023 оқу жылының мақсат, міндеттерін айқындау, оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру; оқу жұмыс жоспарын бекіту	талдау жоспарды бекіту	Мусин Д.И.	Директор
2	Мұғалімдердің апталық жүктемелерін бөлу, сыныпқа сынып жетекшілерді тағайындау, кабинет меңгерушілерін бекіту, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімін бекіту, әдістемелік бірлестік жетекшілерін, кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді бұйрықпен бекіту. Мектептің жұмыс ережесімен, қауіпсіздік техникалық нұсқаулармен таныстыру. Мұғалімдердің қоғамдық жұмыстарын бұйрықпен бөлу	тариф бекіту комиссия құрамын бекіту таныстыру	Мусин Д.И.	Директор
3	«Мектепке жол» акциясы өткізілгендігі туралы қорытынды есебі. Аз қамтылған, көп балалы жанұяларды анықтап, қамқорлық, қайырымдылық көмектерімен ыстық тамақ ұйымдастыру	есеп беру	Тохметова Г.Т. Жексембаев С.М.	ТЖЖО жауапты мұғалімдер, әлеуметтік педагог
4	Төтенше жағдайлар мен өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары бойынша мектептің жаңа оқу жылына дайындығы туралы мәлімет	түсіндіру жұмысы	Джанбырбеков М.К.	шаруашылық меңгерушісі
II ҚАРАША				
1	«Мектеп оқушыларының зерттеу, жоба жазу жұмыстарын практикалық тұрғыда ұйымдастыру ерекшеліктері»	баяндама	Оспанова Д.А	информатика пәні мұғалімі
2	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды	түсіндіру жұмысы	Алибек Д.Т.	ОЖЖО

	аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қ Р Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес БЖБ,ТЖБ өткізу туралы			
3	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы	түсіндіру жұмысы	Сейтжанова А.О.	тәрбиеші
4	I тоқсанның оқу- тәрбие үрдісі бойынша қорытынды есеп	есеп	Алибек Д.Т. Тохметова Г.Т.	ОЖЖО ТЖЖО
III	ҚАҢТАР			
1	1.«Бастауыш сыныпта оқытудың белсенді әдістері» 2.«Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту»	шығармашылық баяндама	Даримбаева Н.А. Окапова Ж.Т.	бастауыш сынып мұғалімдері
2	«Білім алушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыратын белсенді әдістер»	шығармашылық баяндама	Тохметова Г.Т.	тарих пәні мұғалімі
3	Оқушылар міндеттерін орындауы, сабаққа қатысуы, кешігуі, себепсіз босатуы жағдайы	мониторинг	Тохметова Г.Т. Жексембаев С.М.	ТЖЖО әлеуметтік педагог
4	I жарты жылдық бойынша атқарылған жұмыстарға сараптама. II жартыжылдық міндеттері туралы; -«Білім алушылардың білімдегі оқылықтардың орнын толықтыру» бойынша жұмыс жоспарын жүргізу туралы	есеп есеп	Алибек Д.Т. Тохметова Г.Т. Алибек Д.Т.	ОЖЖО ТЖЖО ОЖЖО
IV	НАУРЫЗ			
1	Тілдер Заңының орындалысы	есеп	Мадыканова Н.ш.	қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
2	Аттестаттаудан өтетін педагогтердің портфолиясын және қажетті құжаттарын аттестаттау ережесіне сәйкес рәсімдеу туралы	түсіндіру жұмысы	Мусин Д.И.	Директор
3	2022-2023 оқу жылын аяқтау, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы негізінде 11, 9-сынып оқушыларына мемлекеттік емтиханды, 5-8 сынып оқушыларына қорытынды	Емтиханға дайындық, кестені бекіту	Мусин Д.И. Алибек Д.Т.	Директор ОЖЖО

	аттестаттауды ұйымдастыру			
